

"Ауыл шаруашылық өнімін тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алатын ауыл шаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 77 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Жамбыл облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 44 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 сәуірде № 3374 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2022 жылғы 16 тамыздағы № 187 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 16.08.2022 № 187 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Занына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Ауыл шаруашылық өнімін тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алатын ауыл шаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 77 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2649 болып тіркелген, 2015 жылдың 4 маусымында "Ақ жол" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заннамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындастырылуын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Нұралievке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*K. Көкrekбаев*

Жамбыл облысы әкімдігінің

2017 жылғы "16" наурыз

№ 44 қаулысына қосымша

**Ауылшаруашылық өнімін терендете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері**

№	Ауылшаруашылық өнімінің атауы	Терендете өнделген өнімдердің атауы	Шикізатқа қайта есептелген субсидиялар нормативтері, (тенге/литр, килограмм)
1.	Сүт	Сары май	12,0
2.	Сүт	Қатты ірімшік	20,0
3.	Сүт	Күрғақ сүт (табиги)	15,0
4.	Қант қызылшасы	Қант	9,0